

трудовую летопись страны. Тогда это было совершенно естественно: генетическая память о войне была живой, каждая семья заплатила страшную цену за победу над фашизмом, над «коричневой чумой». Кроме того, многие советские люди ощущали себя гражданами страны, находящейся в кольце врагов, в состоянии «холодной войны» с мировым империализмом. Но в раскрытии темы Великой Отечественной войны и Победы есть множество устаревших стереотипов, и в итоге есть опасность, что дети и формирующаяся молодежь привыкают к теме, перестают ее осмысливать.

«Формирование гражданских качеств и патриотизма в молодежной среде становится актуальной задачей для любого государства, которое вырабатывает свои механизмы и методы воспитания патриотизма, что способствует более эффективному решению задач его внутренней и внешней политики», – пишет в статье «Патриотизм как центральная категория патриотического воспитания молодежи» М.С. Джилкишиева. Большим подспорьем в понимании новых задач по формированию гражданско-патриотического сознания у молодежи является «Государственная программа патриотического воспитания граждан Республики Казахстан», утвержденная Президентом РК Н.А. Назарбаевым.

По Программе основу в воспитании патриотизма у будущих граждан молодого независимого государства составляют формирование патриотического самосознания, организация патриотической деятельности, патриотический характер поведения, рассмотрение патриотического воспитания как актуального направления в учебно-воспитательном процессе. Казахстан с полиэтнической и поликонфессиональной общественной структурой стремится к созданию единой идеологии, основанной на патриотизме, любви к Родине и своей земле. Это достаточно сложная задача, требующая последовательности, целостности, сохранения единства и общественного согласия.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 Послание Президента РК-Лидера нации Н.А. Назарбаева народу Казахстана Стратегия «Казахстан-2050»: новый политический курс состоявшегося государства // Казахстанская правда, 15 декабря 2012 г.
- 2 Государственная программа патриотического воспитания граждан Республики Казахстан на 2006–2008 годы». Собрание актов Президента РК и Правительства РК за №38. Астана, 2006.
- 3 Ильин И.А. О сопротивлении злу силою // Ступени (СПб). – 1992. №3 (6).
- 4 Зелинский Ф.Ф. «Умершая наука» – Соперники христианства. – М.: Школа-Пресс, 1996.
- 5 Джилкишиева М.С. Патриотизм как центральная категория патриотического воспитания молодежи // Вестник Академии педагогических наук. – 2009. – №2 (29).

БОЛАШАҚҚА СЕҢІММЕН

Амиров М.С., Жумабаева С.Б.,

Ы. Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты

"Еліміздің ертеңі бүгінгі жас ұрпақтың қолында, ал жас ұрпақтың тағдыры ұстаздың қолында" деп білім қызметкерлерінің бірінші құрылтайында сөйлеген сөзінде Елбасы айтқандай ұстаздарды өз Отанын шексіз сүйетін, еліміздің болашағына, оның гүлденуіне аянбай үлес қосатын білімді жеткіншектерді даярлау міндеттері күтіп тұр. Міне сондықтан да біз тәрбиелеп отырған шәкірт білімді де тәрбиелі, болашақтың ұстаздары. Білім беру жүйесінде білім беріп қана қоймай тәрбиенің қатар жүруі міндетті. Бүгінгі тәрбиенің басты міндеті-адамзат мәдениетінің сан ғасырлық өркениеттік жетістіктері мен ұлттық рухани, мәдени байлықты біріктіре отырып меңгерту, студент жастарды нарықтық экономикаға бейімделген, өмірге икемделген, жан-жақты жетілген, қабілетті, кез-келген тұтқиыл жағдайлардан жол тауып шыға алатын ынталыда іскер, табанды да дарынды, талантты, Отанын

сүйетін азамат етіп тәрбиелеу болып табылады. Адам баласының әрқайсының өз өмір жолы болатыны тәрізді кез-келген халықтың, қоғам мен мемлекеттің өз тарихи ғұмыры бар. Ол көне тіршілік көшінде сан алуан кейіпте көрініп келе жатқан күрделі үрдіс. Әр ұрпақ өзінің бұрынғы ұрпақтың жалғасы болғанынан өз дәуірінің шынырауына үн қосып өз соқпағын іздейді. Олай болса оқушыларға, әсіресе орта буын оқушыларына тәрбие тағылымдарын, адамгершілік құндылықтарын бойына сіңіре отырып адамгершілікке тәрбиелеу-маңызды мәселе. Адамгершілік дегеніміз моральдық нормаларды жаттату, ақыл айту, миына сіңіруге тырысу, мінез-құлық дағдыларын қатаң талап қою арқылы игерту ғана емес, ол өзара әрекет, қарым-қатынас және қайшылықтарды жеңуден тұратын белсенді өмірлік үдеріс. Бала ішкі және сыртқы қайшылықтармен күрессе ғана өзін адамгершілік иесі ретінде сезіне алады. Ендеше адамгершілік тәрбие дегеніміз-балаларға өмірлік қайшылықтарды, келіспеушіліктерді жеңе білуге үйрету. Оқушылардың адамгершілігін қалыптастыру үшін олардың өмірдегі қайшылықтарды тәрбие үрдісінің нысаны ретінде қарастыру ол қайшылықтарды шешу үшін шығармашылықпен жүйелі жұмыс істеу арқылы олардың адамгершілік сезімдері, санасы, әдеттерінің қалыптасуына ерекше көңіл бөлу қажет. Адамгершілік тәрбиесі тәрбиеленушінің дамуына қандай игі әсер ететіндігін, тәрбие әсерімен оқушы қалай өзгеретіндігін адамгершілік кемелінің жаңа сатысына қалай көтерілетіндігін педагог жақсы білуі тиіс. Ол үшін адамгершілік тәрбиесінің бүкіл үрдісін жеке буындарға бөліп, әрқайсысын жекелкей қарастырған жөн. Бұл үдерістің аса маңызды буыны – адамгершілік сананы қалыптастыру. Қазақ совет энциклопедиясында «Адамгершілік-тәлім-тәрбиенің ықпалды әсерімен моральдық сананы қалыптастырудың, этикалық білімділікті, адамгершілік сезімді дамытудың сара жолы. Ол отбасы, мектеп, ұстаз, еңбек, қоғам, жеке ықпал арқылы іске асырылады» делінсе, Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігінде «Адамгершілік тәрбиесі – ізгілікке, инабаттылыққа, баулудың жолы» деп түсіндіреді. Ізгілікті, инабатты қандай жол мен сезім арқылы қалыптастырудың бағытын көрсету руханилықтың бастамасы екені мәлім. Қазақстан Республикасының Ұлттық энциклопедиясында адамгершілік ұғымына былай деп анықтама берілген. «Адамгершілік адам бойындағы гуманистік құндылық, әдеп ұғымы, кісілік, ізгілік, имандылық тәрізді ұғымдармен мәндес». Адамдар оқиғаларға баға береді, өзінің мінез-құлық бағытын таңдайтын, моральдік ұғымдарға, әртүрлі құбылыстарға байланысты олардың бастан кешіретін мақұлдау немесе айыптау сезімі негіз болады. Бұдан адамгершілік тәрбиесі дегеніміз тәлім-тәрбиенің ықпалды әсерімен сананы қалыптастырып, этикалық білімді, адамгершілік сезімді дамытудың сара жолы және руханилықтың басқалармен қарым-қатынаста көрініс беретін нормалары болмақ. Жалпы аламгершілік тәрбие түрлі функционалдық-әлеуметтік, теориялық және практикалық салада қарастырылады. Адамгершілік тәрбиенің әлеуметтік қызметі жеткіншек ұрпаққа жинақталған тәжірибені жеткізуден көрінеді. Ал оның теориялық аспектісі білім саласын теориялық жағынан дамытуды қамтамасыз етеді. Практикалық қызмет адамгершілік тәрбие бойынша жұмыс мазмұны мен әдістмесін жетілдіруді көздейді. Студенттерді рухани-адамгершілікке тәрбиелеу адамгершілік түсінікті, адамгершілік сезімді және адамгершілік мінез-құлықты бірге тәрбиелеуден тұрады. Адамгершілік тәрбиесі -жас ұрпақтың белгілі бір мақсатқа негізделген көзқарасын, сенімін, парасатын, мінез-құлық дағдылары мен әдеттерін қалыптастыруға және адамгершілік сезімді, ұлттық сананы, қарым-қатынасты дамытуға, жалпы адамзаттық құндылықты тиімді пайдалануға бағытталған тәрбиенің құрамдас бөлігі. Адамгершілік тәрбие төмендегідей мәселелерді қамтиды: адамның қоғаммен байланыстылығын, оған тәуелді екенін, өзінің мінез-құлқын қоғамның мүдделерімен үйлестірудің қажеттілігін сезіну, адамгершілік мұраттарымен таныстыру, қоғамның талаптарымен, олардың заңдылықтарымен және адамгершілік туралы білімдерін адамгершілік сезімдерге айналдыруды көздеумен қатар адамның адамдарға құрметпен қарауын қарастырып, олардың адамгершілік дағдыларды қалыптастыру мақсатын көздеу. Адамгершілік мәнін осы тұрғыдан қарастырсақ, нағыз адамгершілігі бар адам деп ресми моральдық нормалар шегінен шықпайтындарды емес, адамгершілік ұстанымдарына адал болып, олардың орнығуы үшін өзіне де, сыртқы кедергілерге де төтеп бере алатындарды

тану керек. Осылайша адам сырт көзбен қарағанда иманды, моральдық жағынан кіршіксіз, ресми қоғамдық қолдауға ие бола тұрып, бір мезгілде имансыз, адамгершіліктен жұрдай болып шын мәнінде ақиқатқа, шындыққа, жақсылық пен әсемдікке қарсы әрекететуі мүмкін. Сол сияқты өмірде ішкі дүниесі рухани жағынан таза, адамгершілік қасиеттерді бойына терең сіңірген адамдар көптеп кездесе біздің қоғамымыз жамандықтан тазарар ма еді? Жеке тұлғаның рухани адамгершілігін дамыта оқыту адамға жоғары құндылық ретінде саналы қатынасын көрсететін адамгершілік қасиеттерінің бірлігін білдіреді. Қазақ ұлтының рухты болғанын, қызының қылықты болғанын ата бабамыздың қалдырған мұратынан білеміз. Ұлын рухты болса сүйікті, қызын қылықты болса бақытты. Рухты жан – азамат – Адам, рухсызы – тұғырсыз – надан деп есептейді. Адамгершілік тәрбиеміз халықтың сан ғасырлар тарихымен тығыз байланыста болып, осы уақытқа дейін дәстүрлі тәрбие құндылықтарын жоғалтпай жалғастырып келеді. Адамгершілік тәрбиесі негізінен жүйелі болған, өйткені тәрбиеге әкешеше, отбасынан бастап, ағайын-туыс, көші-қолаңның бәрі араласып, бәрі де халықтың баласына ортақ қамқорлық жасаған. Қазіргі таңда қоғамдағы кең таралып келе жатқан ой-пікірлердің дені бүгінгі ұрпақтың тәрбиесіне келіп тіреледіекен, өйткені В.Белинскийдің сөзімен айтқанда: «Тәрбие – ұлы іс, онымен адам тағдыры шешіледі». Оқушылардың адамгершілік санасын қалыптастыру үшін оның сезіміне әсер ету керек. Ал баланың сезіміне әсер ету – тәрбие жұмысының күрделі саласы. Сондықтан көптеген мұғалімдер баланың санасына әсер етуді жөн көреді, ал тәрбие жұмысында оның сезіміне қалай әсер ету керектігін де қарастырған жөн. Адамгершілік тәрбие беру – қазіргі тірбиенің ең маңызды мәселерінің бірі, өйткені ол қоғам өміріндегі белсенді қозғаушы күш болып табылады. Рухан адамгершілікке тәрбиелеудің мақсаты студенттердің белсенді өмірлік жолын, қоғамдық борышқа саналы көзқарасын, сөз бен істің бірлігін қамтамасыз етіп, адамгершілік нормаларын ауытқушыларға жол бермеуді қалыптастыру болып табылады. Адамға ең бірінші керегі-тәрбие. Сондықтан да оқушылардың бойына адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру үнемі ескерілуі тиіс. «Қазақстан-2050» Стратегиясы – барлық саланы қамтитын және үздіксіз өсуді қамтамасыз ететін жаңғыру жолы. Ол – елдігіміз бен бірлігіміз, ерлігіміз бен еңбегіміз сыналатын, сынала жүріп шыңдалатын үлкен емтихан. Стратегияны мүлтіксіз орындап, емтиханнан мүдірмей өту – ортақ парыз, абыройлы міндет! Біз өзгенің қателігінен, өткеннің тағылымынан сабақ ала білуге тиіспіз. Ол сабақтың түйіні біреу ғана – Мәңгілік Ел болу біздің өз қолымызда. Бұл үшін өзімізді үнемі қамшылап, ұдайы алға ұмтылуымыз керек деп Елбасы айтқандай біз болашаққа тәрбиелі, білімді болып аттануымыз керек. Байлығымыз да, бақытымыз да болған Мәңгілік Тәуелсіздігімізді көздің қарашығындай сақтай білуіміз керек-деп Ел басы жастарды білімді, мідениетті, тірбиелі бола отырып Елмізді көркейтуге үлес қосып, әр Қазақстандық азаматтың мен осы Елдің баласымын, менің Елім, менің Жерім деп ар намысты, шыншыл болуға шақырады. Міне сондықтан да Тәуелсіз еліміздің ертеңі тек білімді ғана емес білімді, тәрбиелі, өнегелі жастардың қолында. Елбасы Н. Ә. Назарбаев сөзімен қорытындыласақ: «Қазақстан-2050» – Мәңгілік Елге бастайтын ең абыройлы, ең мәртебелі жол. Осы жолдан айнымайық, қадірлі халқым! Әрбір күніміз мерекелі, әрбір ісіміз берекелі болсын! Дамуымыз жедел, келешегіміз кемел болсын! Жарқын іспен күллі әлемді таңқылып, Жасай берсін Елдігіміз Мәңгілік!

ӘДЕБИЕТ ТІЗІМІ

- 1 Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаевтың Жолдауы, Астана 2014 жыл 17 қаңтар. Қазақстан жолы-2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ.
- 2 Қазақ совет энциклопедиясы. – Алматы, 1978.
- 3 Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі. – Алматы: Мектеп, 2002. – 254б.
- 4 Қазақ педагогикалық энциклопедия сөздігі. – Алматы, 1995 – 185 б.